

Қоңыратбаева Жанар
ф.ғ.к., профессор м.а.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

ҰЛТТЫҚ ТОПОНИМИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫН БАЙЫТУДЫҢ БІР КӨЗІ РЕТІНДЕ

This article considers the Turkic basis of onyms emerging in the result of toponymization. There are three important processes in the urban space of Astana: 1) process of national transonimization (naming and renaming urban objects using the memorative principle); 2) process of national and cultural revival during the renaming of urban objects; 3) process of national transonomization (transmission of common names into personal). Etymological analysis of the urban space shows that Turkic languages are the main sources of onyms' renaissance.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі түйткілді мәселенің бірі – ономастика ғылымының зерттеу нысанындағы онимдер разрядтары (годонимдер, эргонимдер, прагматонимдер, менсонимдер, т.б.) және олардың зерттелу жайы. Себебі қоғамда саяси-экономикалық, мәдени қатынастар динамикасы қарыштаған сайын онимдер табиғаты да күрделене түседі, өзгере, жаңғыра түседі. Сондықтан белгілі бір ономастикалық кеңістікті, әсіресе, қала ономастикасын тілдік-тарихи тұрғыдан, саяси-әлеуметтік тұрғыдан қарастыру аса өзекті.

Зерттеуіміздің мақсаты – Қазақстан Республикасының елордасы – Астананың урбанонимдік кеңістігіндегі топонимизациялану үдерісі нәтижесінде қалыптасқан, яғни, жалпылықтан жалқылық сипатқа өткен атаулардың этимологиялық негіздерін қарастыру. Оның ішінде бастауын түркілік негізден алатын онимдер қатарының кейбірінің шығу тегі жайындағы ғылыми пікірлерді талдап сипаттау.

Астананың урбанонимдік кеңістігінде соңғы жылдары (жалпы Қазақстан Республикасы аумағында) жүріп жатқан ең бір өнімді ішкі ресурстық дамудың бірі – *ұлттық топонимизация үдерісі*, яғни жалпы есімдердің жалқы есімдік сипатқа ие болуы. Топонимизация үдерісінде жалпы есімнен жалқы есімге өткен тілдік таңбалардың лексикалық сипатында өзгеріс жүретіндігі байқалады. А.В. Суперанская бұл жөнінде: «Жалпы есімнен жалқы есімге өткенде тіл бірліктеріндегі жалпылық мағынаның айқындылығы сақталғанымен, жалқы есімнің лексикалық мәні өзгеріске ұшырайды. Ең алдымен оның эмоционалды реңкі редуцияланады» – дейді [Суперанская, 1973, с. 246]. Яғни, жалпы есімдердің о бастағы мағынасы кейінгі орынға шегеріліп, символдық мәнге ауысады.

Астананың урбанонимдік (оның ішінде көше, даңғыл, орам, тұрғын үй кешені атаулары) ансамблінің көп бөлігінің көне түркі тілдік қабаттан құралғандығын көрсетуде біз этимологиялық ізденістерге барамыз. Себебі жалқылық атауға ие болған сөз бірліктерінің тарихи тегін қарастыру, ономизациялауға ұшыраған оның қай мағынасы екендігін анықтау ономастика ғылымы үшін аса маңызды.

Қазіргі таңда Астана қаласында 934 көше, даңғыл, орам бар десек [<http://astana.gov.kz/>], соның 100-ден астамы – топонимизация үдерісінің нәтижесінде атау алғандар, яғни символдық мәнге көшкендер. Жалпы есімнен жалқы есімге ауысқан атаулардың шамамен 70 %-дайы түркілік негізден тараған деуге болады. Бұдан шығатын қорытынды, Қазақ елінің бас қаласының урбанонимдік дизайны Қазақстан Республикасының тіл саясаты мен атау беру/қайта атау принциптеріне жауап беретін бірден-бір тарихи-мәдени орталыққа айналып үлгерді. Ал қаланың ішкі нысандарына атау беру заңдылықтарындағы онимдердің қабатын анықтау оларға диахрондық зерттеу жүргізу арқылы одан да терең ашыла түседі деп түсінеміз.